№ 5 ХАТТАМА
Солтүстік Қазақстан облысы жер комиссиясының отырыстары

Петропавл қ. **2026 жылғы «7» қазан**

Төрағалық етті: Д.М. Токужинов.
Қатысты:
Комиссия мүшелері:
В.С. Бубенко, Ж.М. Асанов, А.Т. Абдуллаев, Д.К. Бекенов, А.В. Казанцев, Р.З. Мендеев, А.А. Мапенов, Б.К. Нугуманов, Е.К. Оразалин, С.Ш. Шитканов.

Комиссия отырысы офлайн форматта, сондай-ақ «Zoom» бейнеконференцбайланыс жүйесін пайдалана отырып, онлайн режимде өткізіледі және аудио-бейнежазба құралдарының көмегімен тіркеледі.

Жер комиссиясының қатысып отырған мүшелерінің саны Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 43-бабы 2-тармағының 14-бөлігінің талаптарына сәйкес келеді, осыған байланысты отырыс заңды болып саналады.

Күн тәртібі:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рощинский ауылдық округінде орналасқан алаңы 7,71 гектар бөлінетін жер учаскесіне Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «6637 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалану құқығын беру туралы комиссия қорытындысын шығару.

2. Солтүстік Қазақстан облысы, Ақжар ауданы, Ленинград ауылдық округінде орналасқан алаңы 11,2884 гектар бөлінетін жер учаскесіне «Промщебень» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 2042 жылғы 8 қыркүйекке дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (жалдау) құқығын беру туралы комиссия қорытындысын шығару.

3. Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, Бірлік ауылдық округінде орналасқан алаңы 265,3 гектар бөлінетін жер учаскесіне «НУР-БАЙКЕН» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 2030 жылғы 30 маусымға дейінгі мерзімге уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (жалдау) құқығын беру туралы комиссия қорытындысын шығару.

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 43-бабының 2-тармағына сәйкес ұсынылған материалдарды қарап, Солтүстік Қазақстан облысының жер комиссиясы қорытынды шығарды:

1. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «6637 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 120-бабының нормаларына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рощинское ауылдық округінде ғимараттар мен құрылыстар және оларды күтіп-ұстау үшін ауданы 7,71 гектар, оның ішінде табиғи жайылымдар – 6,82 гектар, жолдар – 0,41 гектар,

құрылыстар – 0,48 гектар болатын бөлінетін жер учаскесіне тұрақты жер пайдалану құқығын беру ұсынылсын.

Көрсетілген алаңға бөгде жер пайдаланушы – «Солтүстік Қазақстан Электржелілік Тарату Компаниясы» акционерлік қоғамының алаңы 0,0073 гектар, кадастрлық нөмірі 15-220-109-217 болатын жер учаскесі кірмейді.

10 кВ әуе электр беру желісінің (ӘЖ-10 кВ) 10 метрлік күзет аймағын, сондай-ақ Есіл өзенінің су қорғау аймағын шаруашылық мақсатта пайдалану режимін – 1000 метрді сақтау талап етіледі.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды.
Дауыс беру нәтижесі:
«Қолдағаны» – 11 комиссия мүшесі
«Қарсы» – 0 комиссия мүшесі

2. «Промщебень» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өтінішін қарауды облыстық жер комиссиясының келесі отырысына қалдыру туралы шешім қабылданды.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды.
Дауыс беру нәтижесі:
«Қолдағаны» – 11 комиссия мүшесі
«Қарсы» – 0 комиссия мүшесі

3. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне «НҰР-БАЙКЕН» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Бірлік ауылдық округіндегі «Бақсы» кен орнында қатты пайдалы қазбаларды (мыс, алтын) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін мерзімі 2030 жылғы 30 маусымға дейін, ауданы 265,3 гектар, оның ішінде егістік – 63,6 гектар, табиғи жайылымдар – 199,7 гектар, жолдар – 2 гектар болатын бөлінетін жер учаскесіне уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (жалдау) құқығын беру ұсынылсын.

Көрсетілген алаңға бөгде жер пайдаланушы – «Ақан сері» орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алаңы 2,0 гектар, кадастрлық нөмірі 15-165-066-057 болатын жер учаскесі кірмейді.

Ормандардың 20 метрлік күзет аймағын сақтау талап етіледі.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды.
Дауыс беру нәтижесі:
«Қолдағаны» – 9 комиссия мүшесі
«Қарсы» – 2 комиссия мүшесі

Жер комиссиясының оң қорытындысы негізінде өтініш беруші жерге орналастыру жобасын дайындайды. Жер комиссиясының оң қорытындысының қолданылу мерзімі ол қабылданған күннен бастап бір жылды құрайды.

Бір жылдық мерзімді өткізіп алу Жергілікті атқарушы органның жер учаскесіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

Жер комиссиясының хаттамалық шешіміне өтініш беруші оны алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Жер комиссиясының хаттамалық шешімі 3 данада жасалды.

Жер комиссиясы
Төрағаның орынбасары **Токужинов Д.М.**

Комиссия мүшелері

Бубенко В.С.

Асанов Ж.М.

Абдуллаев А.Т.

Бекенов Д.К.

Казанцев А.В.

Мендеев Р.З.

Мапенов А.А.

Нугуманов Б.К.

Оразалин Е.К.

Шитканов С.Ш.

жер комиссиясының
Хатшы **Мурдасова А.Р.**